

**Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебінің  
ыстық тамақ бойынша ақпарат/ 2023 жыл/**

Жамбыл ЖОББМ 2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша 124

оқушымен басталды. Бастауыш 1-4 сыныптарда 50 оқушы, 5-11 сыныптарда 74 оқушы бар. Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында жаппай оқыту қорынан (163 специфика) 37 оқушы ыстық тамақпен қамтылды: атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан 12 оқушы, аз қамтылған отбасынан 2 оқушы, көпбалалы отбасынан 23 оқушы қамтылды. Ыстық тамақпен (141 специфика) бойынша бастауыш сыныптан 36 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Демеушілік қорынан 51 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Яғни 100% тамақпен қамтылған. Мектеп басшысының 01.09.2023 жылғы №162 бұйрығы негізінде құрылған құрамында 7 мүшесі бар тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасында балалардың ыстық тамақпен қамтылуын апта сайын қадағалап тексеруде. Тексеру барысында біріншіден асхананың санитарлық жағдайы, екіншіден тамақтану кезінде оқушылардың санитарлық –гигиеналық тазалық талаптарының сақталуы, ас мәзірінің дұрыс әзірленуі, сақталуы, ас әзірлейтін азық-түліктің, дайындап әзірленген астың сапасы, үшіншіден асхана жұмысшыларының тазалығының, денсаулығының санитарлық талаптарға сай екендігі тексеріліп, анықталды. Комиссия мүшелері тексеру нәтижелерін арнайы журналға жазып, қолдарын қойып мөрмен бекітеді. Мектепте барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасалған. Мектеп медбикесі Брикман Л.И және әкімшілік тарапынан тамақтың дайындалу сапасын бақылайды. Мектепте ас мәзірі аудандық білім бөлімімен бекітілген. Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілген.

Мектеп директоры:  Султангазин К.К.

